		тұжырымдаманы әзірлеу, тауар биржалары арқылы міндетті түрде өткізуге жататын тауарларды айқындау жөніндегі әдістемені әзірлеу			құ зе со ж; ке
21	Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу	Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін қалыптастыру жер-кадастр жұмыстарын жүргізумен қамтамасыз етіледі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	"Азаматтарға арналған Үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ	25 ақ п 10 ма
22	Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы алқаптарының және елді мекендердің құрылыс салынған аумақтарының жоспарлы-картографиялық өнімі	Жұмыстар циклі мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын және елді мекендердің құрылыс салынған аумақтарының масштабтық қатарының фотокарталарын жасауға бағытталған	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	"Ауыл шаруашылық аэрофотогеодезиялық ізденістер мемлекеттік институты" ШЖҚ РМК	25 ақ п 10 ма
23	Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсету бойынша әдіснамалық қамтамасыз ету, соның ішінде протездік-ортопедиялық көмек көрсету	Кемтарлығы ерекше күрделі және тән емес мүгедектерді протездеу, сондай-ақ бастапқы протездеу, жаңа технологиялар бойынша дайындалатын протездік-ортопедиялық бұйымдарды сынау және енгізу, протездік-ортопедиялық бұйымдардың жаңа түрлеріне технологиялық процестерді әзірлеу	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	"Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы" РМҚК	05 ха ке әл ж и 10 п ке ме сс п бе
24	Есту қабілеті бұзылған балаларды кохлеарлық имплантациядан кейін есту-сөйлеуін оңалту	Кохлеарлық имплантация (КИ) есту қабілеті өте нашар (керек) балаларды оңалтудың жалғыз тиімді әдісі болып табылады. Алайда, КИ операциясы есту-сөйлеуін оңалтусыз (бейімдеусіз) мүлдем тиімсіз. Оны жүргізу кохлеарлық импланты бар балалардың есту және сөйлеу қабілетін дамыту үшін міндетті түрде қажет. Есту-сөйлеуге бейімдеудің мақсаты - баланы дыбыстық сигналдарды (тілдік және тілдік емес) қабылдауға, түсінуге және жаңа есту сезімдерін ауызша сөйлеуді дамыту үшін пайдалануға үйрету	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	"Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы" РМҚК	05 ха ке әл ж и 10 ба и ес

25	Мүгедек адамдарды электржетегі бар кресло-арбалармен қамтамасыз ету	Мүгедектігі бар адамдардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, отандық өндірістің электр жетегі бар кресло-арбалармен мүгедек адамдарды қамтамасыз ету үшін	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	"Қазақстан Инжиниринг" Ұлттық компаниясы" АҚ	05 ха ке эл ж ин 1С эл құ ет
26	Мобильді халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	Аз қамтылған және жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын кеңейту, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	"Атамекен" ҚР ҰКП	06 қа кә 2С ме а 1С қа кә 2С ме ас іс-
27	Салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесін іске асыру	ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерін түрлендіру жолымен салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесінің функционалдығын іске асыру бойынша қызметтер	Қазақстан Республикасының Қ а р ж ы министрлігі	"Электрондық қаржы орталығы" АҚ	03 Қ; ак д 1С бі ж да
28	Топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар, материалдар мен деректерді есепке алу, сақтау	Қалалардың, елді-мекендердің және аумақтардың аэротүсірілімі, мемлекеттік цифрлы топографиялық карталардың масштабтық қатарын, тақырыптық карталарды және қалалардың жоспарларын жасау және жаңарту; пункттерді тексеру, қалпына келтіру, координаттау, эталондық базистерді сертификаттау, I, II класты нивелирлеу, жиынтық каталогтарды жасау, геодинамикалық зерттеулер, техникалық жобаларды құрастыру, карталарды басып шығару (басу), топографиялық-геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректерді мемлекеттік есепке алу, сақтау, географиялық атаулардың	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК	0 Тс

		мемлекеттік каталогтарының деректер базасын мониторингтеу			ж: ж: қа
29					
30	"Байқоңыр" кешенінің зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшыраған Қазақстан Республикасы аумақтарына экологиялық мониторинг жүргізу	<p>2020-2022 жылдары "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымыран-тасығыштарды ұшыруға экологиялық мониторинг жүргізу: (ұшыруларды экологиялық сүйемелдеу):</p> <p>-Қарағанды облысында (ҚА № 16, 49, 67, 70) Ю-25 аймағындағы ЗТ ББ ҚА экологиялық орнықтылығын бағалау (2020 жыл) ;</p> <p>- Қарағанды облысында (ҚА № 26, 32, 34, 42, 56) Ю-4 аймағындағы ЗТ ББ ҚА экологиялық орнықтылығын бағалау (2021 жыл);</p> <p>-Қарағанды және Қостанай облыстарында (ҚА №77) Ю-5 ЗТ ББ ҚА экологиялық тұрақтылығын бағалау (2022 жыл) ;</p> <p>-2013 жылы Қызылорда облысында "Протон-М" ЗТ апат орнында қоршаған орта объектілерінің жағдайын бақылау (2020 жыл);</p> <p>-2007 жылы Қарағанды облысында "Протон-М" ЗТ апат орнында қоршаған орта объектілерінің жағдайын бақылау (2021 жыл);</p> <p>-2018 жылы Қарағанды облысында "Союз-ФГ" ЗТ апат орнында қоршаған орта объектілерінің жағдайын бақылау (2022 жыл)</p>	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Ғарыш – Экология" ҒЗО " РМК	01 са ке 1С ба
31	Технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесін тәжірибелік пайдалану	Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде KazSTSat тәжірибелік пайдалану жолымен қазақстандық технологиялардың оң ұшу тарихын алу үшін технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесінің (KazSTSat) жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау және Қазақстанда өндірілген ҒА-ның белсенді жұмыс істеу мерзімін айқындау болжанады	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Ghalam" ЖШС	01 са ке 1С ба

32	Ресей Федерациясы жалға алатындардың құрамына кірмейтін "Байқоңыр" кешені объектілерін кәдеге жаратуды, қалпына келтіруді және жөндеуді ұйымдастыру	Жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу; пайдаланудан шығарылған ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу; инертті құрылыс қалдықтарын көмуге арналған полигонды жайластыру; полигонда инертті құрылыс қалдықтарын жинау, шығару және көму; тазартылған аумақты жоспарлау; мұнай өнімдерімен ластанған жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Инфракос" ШЖҚ РМК	01 са ке 1С Ф кі жі жі
33	"Зенит-М" ғарыш зымыран кешені жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін ұстау және пайдалану	Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде "Зенит-М" ҒЗК ЖҒИ техникалық және технологиялық объектілерін қолдау жөніндегі жұмыстар мен іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, оның ішінде "Зенит-М" ҒЗК берілген объектілерін қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету, қызметкерлерді "Зенит-М" ҒЗК объектілеріне жеткізу үшін көліктік қамтамасыз ету, жұмыскерлерді жеке қорғаныс құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда осы объектінің (жүйелердің және агрегаттардың) пайдалану құжаттамасында белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес ғарыш жүйелерін пайдалану тәжірибесі бар ұйымдарды тарта отырып, регламенттік және профилактикалық жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ осы жұмыстарды ұйымдастыру үшін қажетті басқа да іс-шараларды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Бәйтерек" БК" АҚ	01 са ке 1С Ф кі ш са
34	Ұшқышсыз ғарыш аппараттарын ұшыру үшін жаңа буындағы орташа сыныпты ғарыштық мақсаттағы зымыранның негізінде "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру	Ұшқышсыз ғарыш бағдарламаларын орындау үшін жаңа буынның орташа сыныптық ғарыштық мақсаттағы зымырандарды ұшыру үшін жұмыс істеп тұрған "Зенит – М" ғарыш зымыран кешенін жаңғырту.	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Бәйтерек" БК" АҚ	01 аг за зь Бә ке
		Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде Қазақстан аумағында спутниктік байланыстың үздіксіз жұмыс	Қазақстан Республикасы		

35	"KazSat-2R" ғарыштық байланыс жүйесін құру және пайдалануға беру	істеуін қамтамасыз ету және "KazSat-2" ғарыштық байланыс жүйесін алмастыру үшін "KazSat-2R" ғарыштық байланыс жүйесін құру және пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды орындау болжанып отыр.	Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Ghalam" ЖШС	01 ба па
36	АКТ саласындағы экожүйенің стартапын дамыту	Қатысушыларды технологиялық бизнес-инкубациялау, қатысушылар үшін маркетингтік және өзге де іс-шаралар өткізу, "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінің қатысушыларын дамытуды ынталандыру үшін консультациялық, ақпараттық, талдамалық, білім беру іс-шараларын өткізу, қатысушылардың жобаларын іске асыру үшін әлеуетті инвесторларды іздестіру, "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінде акселерациядан өтіп жатқан тұлғаларға тұрғын үй беру және тұру үшін жағдайлар жасау"	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	"Astana Hub" Халықаралық IT-стартаптар технопаркі КҚ	20 Ре да 10 IT те ин
37	Ғылымды танымал ету үшін ғалымдарды, азаматтық секторды, нақты секторды, БАҚ-ты тарта отырып, Science Talks серияларын ұйымдастыру	Шетелдік және отандық ғалымдардың қатысуымен және азаматтық және нақты сектор өкілдерінің, БАҚ өкілдерінің қатысуымен public lecture форматында Science Talks өткізу. Бағыттар бойынша сөз сөйлеу үшін сарапшыларды шақыру. Отандық телеарналардың Science Talks жазбасы. Science Talks әлеуметтік желілерде жылжыту және іс-шараларды көпшілікке тарату мақсатында YouTube бейнехостингіне материалдарды орналастыру.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК	00 са са а 10 са са уе ка
38	"Әбу Насыр Әл-Фараби ізімен" халықаралық экспедицияның ұйымдастыру	"Әл-Фарабидің ізімен" халықаралық экспедициясының бағытын құру, жоспарланған бағыттағы елдерде дөңгелек үстелдер ұйымдастыру. Дөңгелек үстел барысында Әл-Фарабидің өмірі мен мұрасына қатысты жергілікті ғалымдармен пікір алмасу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК	00 са са а 10 са са уе ка
		Шетел архивтері мен кітапханаларында әртүрлі елдердің кітапхана қорларынан			

39	Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерін аудару және шығару (шығыс тілдерінен қазақ және орыс тілдеріне аудару)	қол жеткізе отырып, алғашқы көздерді іздеу, аударылмаған шығармаларды жүйелеу және анықтау, ішінара аударылған еңбектердің толық аударылуын жүзеге асыру, аудармалардың ғылыми редакциясын жүргізу. Әл-Фарабидің аударылған еңбектерін шығару.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК	Ос са са а 1С са са уе қа
40	"Абай мұрасы" республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу	"Абай мұрасы" республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу. Материалдар жинағын шығару. Абайтануды дамыту жөнінде қарар қабылдау.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК	Ос са са а 1С са са уе қа
41	"Абай" интерактивтік кешенін құру және шығару	Абайдың рухани-мәдени мұрасын дамыту және Абай шығармаларын кең насихаттау үшін "Абай" интерактивті кешенін құру және шығару.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК	Ос са са а 1С са са уе қа
42	Фольклорлық музыкалық мұраны сақтау мен жүйелеу және Ұлы даланың көне сарындарының тандаулы үлгілерін жинау	М.О. Әуезов атындағы Өнер және әдебиет институты сирек қордан әдет-ғұрып әуендерін, әндерді, эпикалық ертегілерді, қобызға, домбыраға, сыбызғы мен сазсырнайға арналған музыканың (күйлер) ең жақсы үлгілерін іріктеу; өңірлік ерекшеліктерге сәйкес халық музыкалық шығармашылығының ежелгі үлгілерін жүйелеу (эпикалық, халықтық-ән, аспаптық дәстүрлер, айтыс); дыбысты қалпына келтіру және тазарту жұмыстарын жүргізу; сандық форматқа көшіру; қазақтың дәстүрлі музыкасының классикалық үлгілерінің ежелгі сарындармен сабақтастық байланыстарын талдау	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	ҚР БҒМ ҒК "М.О. Әуезов атындағы өнер және әдебиет институты" РМҚК	Ос са са а 1С та ж; ке
	Ежелгі, ортағасыр кезеңіндегі жазба әдеби ескерткіштерді өңдеу	Қолжазба қорларында, архивтерде және ғылыми-зерттеу институттарында сақталған материалдарды ғылыми түрде жүйелеу және іріктеу, "Ежелгі әдебиет антологиясының"	Қазақстан Республикасы	ҚР БҒМ ҒК "М.О. Әуезов атындағы өнер және	Ос са са а

43	және зерттеу, ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясын дайындау.	томдарын баспа және қазіргі оқырманға қолжетімді болу үшін цифрлы (онлайн) форматта дайындау, қазақ әдебиетінің көп қырлылығы мен бүкіл болмысын ұғынып қабылдау	Білім және ғылым министрлігі	әдебиет институты" РМҚК	10 та ж: ке
44	Ұлы дала тарихы мен мәдениеті бойынша шетелдік архивтер мен қорлардағы археографиялық жұмыстар (айқындау, талдау, цифрлау)	Тарихшылардың, шығыстанушылардың, мұрағатшылардың арнайы топтары шетелдік архивтер мен қорлардан анықтаған тарихи материалдарды анықтау, талдау және цифрлау. Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті бойынша жазба деректер мен архив материалдарының электрондық-цифрлық қорын құру. Жазба деректер мен архивтік материалдарды жүйелеу, каталогтау, зерделеу және талдау. Ғылыми басылымдарды жазу кезінде анықталған жаңа материалдарды ғылыми айналымға енгізу. Жазба деректер мен архив материалдарын тұтас және жүйелі зерттеу, сондай-ақ археограф-мамандарды дайындау мақсатында археографиялық қоғамдастық құру	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	ҚР БҒМ ҒК "Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты" РМҚК	00 са са а 10 та ж: ке
45	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын талдамалық және ақпараттық-медиялық сүйемелдеу	Жоғары технологиялық орта және әлеуметтік желілердің танымалдығы жағдайында кез келген саладағы жаңалықтарды сапалы ілгерілетуді және оларды қоғамның барабар қабылдауын қамтамасыз ету үшін ақпараттық-медиялық сүйемелдеу маңызды рөл атқарады. Білім беру республиканың бүкіл халқының 1/3 тікелей жұмылған сала болып табылады (5 млн. жуық білім алушы, 1 млн. жуық қызметкер), осыған байланысты осы сала сын мен резонанстық ақпарат тұрғысынан неғұрлым осал. Бұл жерде мемлекеттік реттеу құралдарының болуы маңызды, өйткені бүгінгі күні қоғамдық пікір мен қабылдау сарынын БАҚ-та бірінші жарияланымның авторы қалыптастырады, ал әлеуметтік желілер қоғамдық	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ	00 са са а 10 та

		пікірге ықпал етудің жаңа құралы болып тұр. Мемлекеттік бағдарламаны тиімді талдамалық және ақпараттық-медиялық сүйемелдеу оның іс-шараларының мақсаттарын, міндеттерін және мәнін қолжетімді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді, бұл оны жүзеге асыруға барлық мүдделі тараптарды тартудың негізі болады.			ж: ке
		Жоба шеңберінде мемлекеттік бағдарлама тақырыптары бойынша бейнеконтент және бейнесүйемелдеу әзірленетін болады, мақалалар мен жарияланымдар дайындалып, таратылатын болады, TV YouTube мен Telegram-арналарының сүйемелдеуі, сондай-ақ әлеуметтік желілерде ілгерілету жүзеге асырылады. Сондай-ақ қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін неғұрлым тиімді құралдарды әзірлеу мақсатында ақпараттық-талдамалық жұмысты қамтамасыз ету және әлеуметтік зерттеу жүргізу жүзеге асырылатын болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қатар баспа БАҚ сияқты бұқаралық коммуникациялардың дәстүрлі құралдары да белсенді қолданылатын болады. Баспа БАҚ-та ақпаратты орналастыру интернет желісіне қол жетімділігі жоқ оқырман аудиториясын қамтуға мүмкіндік береді			
46	Саяси жаңғыру тұрғысынан қоғамдық-саяси процестерді әлеуметтанулық сүйемелдеу	Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен қамтамасыз ету және олардың негізінде дайындалған елдегі қоғамдық көңіл-күйді өлшеу жөніндегі материалдарды ұсыну арқылы мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдерді ақпараттық-коммуникациялық және сараптамалық-талдамалық қолдау.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК	Ос са са а 1С та ж: ке

47	Қоғамдық институттардың, диалог алаңшаларының жұмыс істеуін сараптамалық-талдамалық қамтамасыз ету	Қоғамдық институттардың, диалог алаңдарының, оның ішінде қоғамдық-саяси ахуалдың мониторингі, әдіснамалық қолдау және ұсынымдар әзірлеу арқылы сараптамалық-талдамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМҚ	09 са са а 10 та ж: ке
47-1	Қолжазба қорларын, фольклорлық экспедициялардың материалдарын жүйелеу мен зерттеу және дала фольклорының антологиясын қалыптастыру	Қолжазба қорларында, архивтер мен ҒЗИ-да сақталған фольклорлық материалдарды жүйелеу және іріктеу, баспаға дайындау	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты" РМҚК	09 са са а 10 та ж: ке
47-2	"Қазақстан халқы" интерактивтік ғылыми тарихи картасын" талдамалық зерттеу, өзектендіру және ақпараттық қолдау	Қазақстанның интерактивтік тарихи картасын үш тілде толықтыру бойынша жұмыстар жүргізу, тиісті ақпараттық жүйенің серверлерін техникалық сүйемелдеу	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	"Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты" РМҚК	09 са са а 10 та ж: ке
48	Балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру	Республикалық экологиялық қолайсыз өңірлердегі жетім балаларды, тұрмысы төмен және көп балалы отбасылардың балаларын сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру. Медициналық қызметтер сапасын, сабақтастығын, кешенділігін және даралығын қамтамасыз ету. Психологиялық жайлы, эмоционалдық қолайлы және сенім атмосферасын жасау. Практикаға инновациялық медициналық технологияларды, сондай-ақ сауықтыру және ауру профилактикасының тиімді әдістерін енгізу. Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау үшін жағдай жасау	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Бөбек" ұлттық ғылыми-тәжірибелік білім беру және сауықтыру орталығы" РМҚК	01 оғ ұй
49	Сейсмологиялық ақпарат мониторингі	Қазақстан Республикасының аумағында сейсмологиялық мониторинг. Далаға тәулік бойы құралмен бақылау жүргізу.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция" ЖШС	02 мс
	Тест тапсырмаларының базасын қалыптастыру және мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагог қызметкерлер мен білім	Тест тапсырмаларының базасын қалыптастыру және мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы	Қазақстан Республикасы		09 мс қа 10

50	беру ұйымдарында оларға теңестірілген лауазымдарды атқаратын тұлғаларды ұлттық біліктілік тестілеуден өткізу жөніндегі қызметтер	педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген, лауазым атқаратын тұлғаларды ұлттық біліктілік тестілеуден өткізу жөніндегі қызметтер	Білім және ғылым министрлігі	"Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК	са қа
51	Мемлекеттік тапсырма аясында гуманистік педагогика әдістері мен тәрбиеленушіге бағытталған білім беру әдістерін қолдана отырып, балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша қызметтер	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқу процесін қамтамасыз ету, қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, тәрбие және қосымша білім беру жұмыстарын біріктіру арқылы балабақшаның адамгершілік-рухани тәрбиелік кеңістігін құру; "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасының Стратегиялық даму жоспарына сәйкес "Өзін-өзі тану" балабақшасы жұмысының жылдық оқу жоспарын әзірлеу және орындау; Педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау бойынша жұмыс; Тәрбиеленушілерге адамгершілік-рухани тәрбие беру саласындағы үздік педагогтардың озық тәжірибелерін қорытындылау үшін ақпараттық материалдар жасауға қатысу; Балалардың денсаулығын жақсартуға жағдай туғызу. Балабақша тәрбиеленушілері адамгершілік-рухани тәрбие беру мәселелерінде отбасымен ынтымақтастық (біріккен) жұмыстар атқару.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Бөбек" ұлттық ғылыми-тәжірибелік білім беру және сауықтыру орталығы" РМҚК	09 ме ке 10 Бі "Ғ ғы ж; РІ тә бі ас
52	Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінен дарынды балаларды республикалық физика-математика мектебінде оқыту	Қазақстан Республикасының дарынды балаларын мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту жөнінде білім беру қызметтерін ұсыну. Үш тілде білім беруді енгізуді қамтамасыз ету (қазақ тілін, ағылшын және орыс тілін меңгеру); оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту, сонымен қатар оқушыларды зияткерлік олимпиадаларға, ғылыми жарыстарға қатысуын	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Республикалық физика-математика мектебі" КЕАҚ	09 қс

		қамтамасыз ету; зияткерлік және тану қызметіне қызығушылығын дамыту; ата-анасымен әріптестік қарым-қатынас орнату.			10 бі ж
53	Ізгілікті педагогика әдістері мен тұлғалық бағдарланған оқыту тәсілдерін қолдана отырып, балаларды оқыту және тәрбиелеу	Адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын интеграциялау негізінде білім беру қызметтерін көрсету. Жалпы адами құндылықтарға бағдарлана отырып, интеграцияланған оқу бағдарламаларын іске асыру	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Бөбек" ұлттық ғылыми-тәжірибелік, білім беру және сауықтыру орталығы" РМҚК	09 қс 10 бі ж
54	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдарындағы білім беру және тәрбиелеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme енгізе отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 1-6 сынып оқушыларына арналған білім беру қызметтері; " Назарбаев Зияткерлік мектептері " ДБҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme және Халықаралық бакалавриат бағдарламасын енгізе отырып, сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақханаларында тұру бойынша 7-12 сыныптар оқушыларына Республикалық комиссия тағайындаған Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының " Өркен" білім беру грантын іске асыру бойынша қызметтері	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ	09 қс 10 ме бе
55	Қазақстан Республикасы білім жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы Ұлттық баяндаманы дайындау және шығару	Білім беру саясаты саласындағы статистикалық (оның ішінде жеке) деректерді және ақпараттық материалдарды жинау, талдау және өңдеу; ұлттық және халықаралық деректер базаларына қайта инференциалды талдау жүргізу; құжат жобасын әзірлеу және уәкілетті органмен келісу; интегралдық индекс негізінде білім беру көрсеткіштері бойынша өңірлердің рейтингін жүргізу; халықты, мемлекеттік органдарды, халықаралық ұйымдарды Қазақстан Республикасында барлық деңгейлер бойынша білім берудің (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік,	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ	09 қс 10

		жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі) жай-күйі мен дамуы туралы объективті және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету			са қа
56	Халықаралық талаптарды ескере отырып, білім беру статистикасын жинақтауды сүйемелдеу	Білім беру статистикасы мектепке дейінгі, жалпы орта және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің дамуын мониторингілеу және болжау, оның ішінде білім беру объектілеріне қажеттілікті, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, қаржыландыру көлемін анықтау, мемлекеттік тапсырысты есептеу, стратегиялық құжаттардың іске асырылуын мониторингілеу және талдау және басқалар үшін қажет. Іс-шаралар деректерді, оның ішінде білім беру жүйесінде дербес 5 млн. астам білім алушының, білім беру жүйесіндегі 1 млн. педагог және басқару персоналының деректерін өңдеуді қамтиды	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ	09 к с 10 са қа
57	Ғарыш бағыты бойынша балаларды қосымша дамыту бойынша республикалық маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	Білім беруде жалпы әлемдік үрдістерді ескере отырып, балалардың қосымша білім алу жүйесінің сапасын және тиімділігін дамыту, арттыру; балалардың қосымша білім алу жүйесін қамтамасыз ету; балалардың қосымша білім алуының ғарыш бағыты бойынша республикалық маңыздағы мектептен тыс іс-шараларды шығармашылық күзiреттiлiкте жеке тұлғаның бәсекелес басымдылықтарын қалыптастыру мақсатымен, үздіксіз білім беру және тәрбиелеу, кәсіби өзін – өзі айқындау мақсатымен өткізу; ғарышты және ғарыштық технологияларды зерттеу және олар туралы білімдерін тәжірибеде қолдану; экологиялық сананы тәрбиелеу; ғылыми көзқарасты қалыптастыру, мектеп оқушыларын рухани –	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" РМҚК	09 к с 10

		адамгершілік тәрбиелеу үшін ғарыш туралы білімдерін пайдалану		Ол Мс Мс	
58	Республикалық, халықаралық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды және өзге де республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және оларға балалардың қатысуы	Республикалық және халықаралық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, дарынды оқушыларды анықтау; оқушыларды халықаралық олимпиадаларға, конкурстарға іріктеу және дайындау, республикалық семинарлар, конкурстар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен практикалық шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және дайындау. Қазақстан Республикасында білім берудің беделін арттыру мақсатында өткізіледі. Сондай-ақ олимпиадалар мен конкурстар оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандырып, Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал етеді.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы" РМҚК	Ос Кс Іс ол Мс Мс
		Республикалық және халықаралық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, дарынды балаларды анықтау; республикалық семинарларды, курстарды өткізу; ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізу. Халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты дамыту, халықаралық фестивальдарға, байқауларға, слеттарға, көрмелерге, балалар мен ересектердің шығармашылық			

59	<p>Балалардың қосымша дамуы бойынша республикалық маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу</p>	<p>кездесулеріне қатысу. Қосымша білім берудің негізгі бағыттары бойынша: көркемдік-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік – педагогикалық, білім беру-сауықтыру зерттеу жобаларының республикалық байқаулары шығармашылық құзыреттілікте, үздіксіз білім және тәрбие беруде, кәсіби өзін-өзі анықтауда тұлғаның бәсекелік басымдылықтарын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Кәсіби байқаулар мен конкурстарды ұйымдастыруға қатысу, балаларға қосымша білім беру жүйесінің даму мәселелері бойынша семинарларды және ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізу.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы" РМҚК</p>	<p>09 к с І С о л м е м</p>
60	<p>Қазақстанның, алыс және жақын шетелдің мамандандырылған мектептері арасында математика, физика және информатика пәндері бойынша Халықаралық Жәутіков олимпиадасын өткізу бойынша көрсетілетін қызметтер</p>	<p>Заманауи экономика терең білімі бар және жаңашылдыққа қабілетті мамандарды қажет етеді, сондықтан үздік тарихи тәжірибеге және ең табысты заманауи үлгілерге негізделген жас дарындарды анықтау және дамыту бойынша жұмыс Қазақстан экономикасын жаңғыртудың қажетті элементі болып табылады. Қазақстан Республикасында дарынды балалармен және жастармен жұмыс жасаудың бай тәжірибесі жинақталған. Қазақстанның мамандандырылған білім беру ұйымдарын құруда басымдығы бар, сол ұйымдардың түлектері бүгінде еліміздің зияткерлік элитасына кіреді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Республикалық физика-математика мектебі" КЕАҚ</p>	<p>09 к с І С о л м е м</p>
		<p>Қазақстан Республикасының қалаларында әртүрлі спорт түрлері бойынша мектеп оқушыларының Жазғы спартакиадасын ұйымдастыру және өткізу.</p>			

61	Дене шынықтыру мен спорт саласында іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізу	<p>Әртүрлі спорт түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдерді қосымша дамыту бойынша республикалық маңызы бар іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу. Интеллектуалды, рухани және физикалық тұрғыдан дамыған және табысты азамат қалыптастыру. Мектеп оқушылары мен білім алушы жастардың санасында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтары мен салауатты өмір салты мәдениетін, сондай-ақ , эмоциясын тұрақтандыру, өз денесін басқара білуге үйрету, физикалық, ақыл-ой, шығармашылық қабілеттерін, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруді қалыптастыру</p>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" Республикалық мемлекеттік қызыналық кәсіпорны	05 қс 10 ол ме ма
62	"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын ел аумағында ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық қолдау	<p>"Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша пилоттық білім беру ұйымдарының қызметін ғылыми-әдістемелік қолдау; Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде "Өзін-өзі тану" пәнін оқыту жағдайына мониторинг жүргізу. Рухани-адамгершілік білім беру бойынша интернет-порталды мазмұндық жағынан қамтамасыз ету (мәтіндік және бейнематериалдар дайындау) ж ә н е ұйымдастырушылық-техникалық қолдау көрсету</p>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы" РМҚК	05 қс 10 жа бі
63	Мектеп бітірушілердің оқу бейінін ескере отырып,	<p>2016 жылы жалпы орта білім туралы аттестат алу үшін мектепте бітіру емтиханы және жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеу нысандарында өткізілетін жаңа форматын көздейтін "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілуіне сәйкес мектеп бітірушілердің оқу бейінін ескере отырып, мемлекеттік мектеп бітіру емтихандарының материалдарын әзірлеу. Осыған байланысты</p>	Қазақстан Республикасы	"Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК	05 қс

	<p>мемлекеттік мектеп бітіру емтихандарының материалдарын әзірлеу және қамтамасыз ету</p>	<p>ағымдағы оқу жылында 11-сынып оқушылары мектеп бітірушілердің қорытынды аттестаттаудан өтеді. Оқушылардың қорытынды аттестаттауы бірнеше нысанда (ауызша, жазбаша, тестілеу) өткізілетін болады. Мектеп түлектері 5 пәннен емтихан тапсыратын болады, оның ішінде : міндетті пәндер – 4, таңдауы бойынша – 1.</p>	<p>Білім және ғылым министрлігі</p>		<p>11 ба</p>
64	<p>Педагог қызметкерлердің Ұлттық біліктілігін тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу және өткізу</p>	<p>Ұлттық біліктілік тестілеуі – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым әзірлеген тестілер бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға тенестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін айқындауға бағытталған рәсім. Педагог қызметкерлердің ұлттық біліктілік тестілеуін білім беру саласындағы өкілетті орган айқындайтын ұйым ұйымдастырады және өткізеді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК</p>	<p>09 қс 11 ба</p>
65	<p>Орта білімнің оқу жетістіктерін сыртқы бағалау</p>	<p>Орта білім берудің оқу жетістіктерін сырттай бағалау білім беру ұйымдарынан тәуелсіз мектептерде оқу жетістіктерін бағалау жүйесін қалыптастыру үшін енгізілді. Білім алушылардың бастауыш және негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін сапалы анықтау мақсатында білім беру мазмұнының жаңартылған бағдарламасын ескере отырып, оқушылардың базалық білімі мен функционалдық сауаттылығын бағалауға арналған тест тапсырмалары әзірленеді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК</p>	<p>09 қс 11 ба</p>
		<p>Қажетті білімі мен құзыреттілігі бар Ұлттық үйлестіруші (АТО)</p>			

66	<p>PIRLS мәтінді түсіну мен оқу сапасын бағалайтын халықаралық зерттеуге қатысу</p>	<p>Қазақстанның PIRLS алдыңғы цикліне қатысуын қамтамасыз етті.</p> <p>2020 жылы PIRLS қатысу бойынша мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. PIRLS зерттеуін сараптамалық сүйемелдеу және уәкілетті органның басшылығынталдамалық материалдармен қамтамасыз ету (саяси (жоғары) деңгейдегі сарапшылық қолдау). 2. Тест жүргізушілерді және мектеп үйлестірушілерін сынамалық материалдармен қамтамасыз ету. 3. PIRLS-2021 сынамасын мектептерде өткізу. 4. Кодтау жүйесінде сынаманың ашық жауаптарын кодтау және өңдеу. 5. IEA маман сертификаттаған Data Management Expert бағдарламасында халықаралық сынама дерекқорын қалыптастыру. 6. IEA жыл сайынғы мүшелік жарнасын төлеу. 7. Міндетті халықаралық кездесулерге сарапшылардың қатысуы. Халықаралық сарапшылармен коммуникацияларды қолдау 	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ</p>	<p>09 к с 11 ба</p>
67	<p>TIMSS жаратылыстану-математикалық білім беру сапасын халықаралық зерттеуге қатысу</p>	<p>TIMSS-ке қатысу бастауыш пен негізгі орта білім берудің сабақтастығын бағалауға бағытталған (TIMSS-2015 зерттеуінің 4-сынып оқушылары - бұл TIMSS-2019 зерттеуінің 8-сынып оқушылары).</p> <p>Қажетті білімі мен құзыреті бар Ұлттық үйлестіруші (АТО) Қазақстанның TIMSS үш цикліне қатысуын қамтамасыз етті.</p> <p>2020 жылы TIMSS-ке қатысу бойынша мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. TIMSS-2019 циклінің соңғы елдік жарнасын төлеу. 2. Құпиялық режимінен шығарылған тест тапсырмаларын дайындау және басып шығару. 3. TIMSS-2019 шеңберінде 	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ</p>	<p>09 к с</p>

		өңірлік кездесулер өткізу. 4. Міндетті халықаралық кездесулерге сарапшылар деңгейінде қатысу. 5. TIMSS-2019 халықаралық дерекқорын тексеру			11 ба
68	ICILS компьютерлік және ақпараттық сауаттылық халықаралық зерттеуіне қатысу	Қазақстанның ICILS негізгі зерттеуіне қатысуы елде АКТ-білімін дамыту үшін жоғары маңыздылыққа ие. 2020 жылы ICILS қатысу бойынша мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады: 1. Ұлттық есепті әзірлеу және уәкілетті органмен келісу, жариялануын қамтамасыз ету. 2. ICILS-2018 негізгі нәтижелерімен ақпараттық буклет жасау. 3. ICILS-2018 қатысу нәтижелерін кең талқылауды сарапшылық сүйемелдеу, ұйымдастыру және өткізу. 4. Міндетті ЗҰҰ халықаралық кездесуіне сарапшылардың қ а т ы с у ы . 5. Білім саласындағы уәкілетті органның басшылығына талдамалық материалдарды сарапшылық сүйемелдеу және дайындау	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ	05 к с 11 ба
69	PISA білім алушылардың білім жетістіктерін бағалауды халықаралық зерттеуге қатысу	PISA әлемде танылған 15 жастағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайтын құрал. 2020 жылы PISA-ға қатысу бойынша мынадай іс-шаралар жүргізіледі: 1. Қазақстанның PISA-2018 зерттеуіне қатысу нәтижелері бойынша Ұлттық есепті сараптамалық-талдамалық сүйемелдеу және дайындау. 2. Облыстық үйлестірушілер мен тест-әкімшілеріне арналған оқыту семинарын өткізу. 3.Өңірлерде PISA-2021 сынаамалық зерттеуін өткізу. 4. PISA Басқару кеңесінің (PGB) міндетті отырыстарына, кодтаушылардың халықаралық оқыту тренингіне және Ұлттық жоба менеджерлерінің кездесуіне қ а т ы с у .	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ	05 к с

		<p>5. Тесте-әкімшілерді және мектептегі үйлестірушілерді сынамалық материалдармен қамтамасыз ету.</p> <p>6. OCS (Online Coding System) онлайн жүйесінде сынамалаудың ашық сұрақтарының жауаптарын кодтау және өңдеу.</p> <p>7. Сынамалау нәтижелері бойынша Westat маманы сертификаттаған, халықаралық деректер базасын Data Management Expert бағдарламасында қалыптастыру</p>			11 ба
70	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлер мен оған теңестірілген лауазымдарды атқаратын тұлғаларды ұлттық біліктілік тестілеуден өткізу үшін тест тапсырмаларының базасын қалыптастыру жөніндегі қызметтер</p>	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген лауазымдарды атқаратын тұлғаларды ұлттық біліктілік тестілеуден өткізу үшін тест тапсырмаларының базасын әзірлеу</p>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК	20 би қа 10 би ба
71	<p>WorldSkills ұйымдары талаптарын ескере отырып кәсіби шеберлік сайыстарын халықаралық деңгейде ұйымдастыру және өткізу</p>	<p>WorldSkills Europe Грац қ. (Австрия) өтетін халықаралық чемпионаттарда Қазақстан ұлттық құрамасы мүшелерінің қатысуы үшін, Ұлттық оператормен WorldSkills Kazakhstan Ұлттық чемпионатын ұйымдастыру және өткізу, WorldSkills International және WorldSkills Europe халықаралық ассоциацияларына жылдық мүшелік жарналарын төлеу</p>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Кәсіпқор" холдингі" КЕАҚ	20 би қа 11 не қа да
72	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесі үшін өзектендірілген үлгілік оқу жоспарларын және бағдарламалары бойынша оқу құралдарын әзірлеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер</p>	<p>Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу орындарының интернет-ресурстарында орналастыру арқылы қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында өзектендірілген Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқу құралдарын әзірлеуді ұйымдастыру</p>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Кәсіпқор" холдингі" КЕАҚ	20 би қа 11 не қа да
		<p>Өңірлік және ұлттық деңгейлерде ТжКБ жүйесінің мықты және проблемалы жақтарын, барлық</p>			

73	"Қазақстандағы Турин процесі" зерттеуін өткізу бойынша қызметтер	мүдделі тараптарды белсенді жұмылдырумен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және Еуропалық одақ елдерінің тәжірибелеріне сәйкес ТЖКБ жүйесін дамыту және жетілдіру беталысы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Кәсіпқор" холдингі" КЕАҚ	20 бі кә 11 не кә да
74	"Жас маман" жобасы шеңберінде шетелдік сарапшыларды тарту	"Жас маман" жобасы шеңберінде колледждер үшін шетелдік сарапшыларды тарту	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Кәсіпқор" холдингі" КЕАҚ	20 бі кә 12 ш са
75	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кәсіпкерлік негіздері бойынша оқушыларды оқыту бойынша қызмет көрсету	Жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, адам капиталының сапасын арттыру жөніндегі міндеттерді шешу мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік ұйымдар кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау ұйымдастырылатын болады. 2020 жылы жоғары оқу орындарының 50 мың оқытушысы біліктілігін арттыру жоспарлануда.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Атамекен" ҚР ҰКП	20 бі кә 12 бі ст не кә
76	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-да жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде даярлау бойынша көрсетілетін қызметтер	Университетке дейін дайындық бағдарламасы (Foundation) бойынша тыңдаушылар даярлауды және оқытуды ұйымдастыру, инженерия, ғылымдар мен технологиялар, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, мемлекеттік саясат, бизнес, білім беру, медицина, кен өндіру және жер туралы ғылымдар мектептерінде бакалавриат, магистратура, Phd докторантурасы бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Назарбаев Университеті" ДБҰ	20 оқ ка 10 оқ ма Н; кә кә
77	Қазақстан Республикасында Болон процесінің параметрлерін жүзеге асыру бойынша қызметтер	Қызмет шеңберінде Болон процесінің параметрлерін жүзеге асыру мақсатында ҚР-да мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады: 1) Қазақстан Республикасында Болон процесінің қағидаттарын жүзеге асыру туралы талдамалық есепті дайындау; 2) Болон процесінің контекстінде білім сапасын бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу; 3) Қазақстан	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Болон процесі мен академиялық ұтқырлық орталығы" ШЖҚ РММ	20 оқ ка 10 оқ

		ЖОО-дағы академиялық ұтқырлық Болон процесінің құралдарын дамытуды бақылау және талдау; 4) Еуропалық сапа кепілдігінің тізілімінде (EQAR) ұлттық сапаны қамтамасыз ету жүйесін дамыту үшін мүшелік жарналар.			са қа
78	Білім беру бағдарламаларының рейтингін жасау бойынша қызметтер	2017-2021 оқу жылдары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына бағынысты, Ішкі істер, Қорғаныс министрліктерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары оқу орындарының 2000 білім беру бағдарламасына еңбек нарығының қазіргі шындығына, жұмыс істеп тұрған ұйымдар мен кәсіпорындардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалау жүргізу (бакалавриат деңгейі)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	2С оҒ ка 1С оҒ са қа
79	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімін сүйемелдеу жөнінде көрсетілетін қызметтер	Тізілім жүргізуге арналған нұсқаулық құжаттарды әзірлеу. ББ-ні Тізілімге енгізу үшін жоғары оқу орындарынан өтінім қабылдау рәсімін қамтамасыз ету . ЖБББЖ базасында ЖОО өтінімдерін өңдеу. Сарапшылар базасын қалыптастыру. Сарапшылар жұмысын ұйымдастыру. ББ-ні Тізілімге енгізу. ББ-ні Тізілімнен шығару. Тізілім жұмысына мониторинг жүргізу.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Болон процесі мен академиялық ұтқырлық орталығы" ШЖҚ РММ	2С оҒ ка 1С оҒ са қа
80	Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттерді қайтару бойынша көрсетілетін қызметтер	1999 жылдан 2005 жыл аралығында берілген мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттерді мониторингілеу және есепке алу, сондай-ақ олардың қайтарылуын, оның ішінде сот тәртібімен мәжбүрлі түрде өндіріп алу арқылы, қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсету.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Қаржы орталығы" АҚ	2С оҒ ка 1С аҒ қҒ кь
		ҚАЗТЕСТ – бұл Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасы аумағында түрлі қызметті жүзеге			

81	Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ тілін білу деңгейін бағалау	<p>асырып жүрген шетел азаматтарының қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі.</p> <p>2006 жылдан бастап мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау үшін жыл сайын ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу өткізіледі. Мемлекеттік органдар мен бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін диагностикалық тестілеу тегін өткізіледі. Базаны жаңарту үшін тест тапсырмаларының екі сараптамасын және екі түзетуді әзірлеу жүргізіледі. Тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшылар үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады және жүргізіледі</p>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК	20 оқ қа 10 аз де
